

Әуликөл ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 40 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 ақпанда № 9-7-154 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 26.05.2016 № 118 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына, "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31-бабына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуликөл ауданы бойынша барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыздың шамасында квота белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналасу үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.Ж. Калиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданының
жұмыспен қамту әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"

ММ бастығы

_____ Р.С. Нұғманова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК